

Мердігер, атыңа дақ түсірме!

■ «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында «Горводоканал» кәсіпорнына қарасты 4 ірі жобаның жүзеге асырылып жатқаны белгілі. Жобаның біріне көріздік станцияны қайта жарақтау жататынын және осы мақсатқа қанша қаржы бөлінгенін біз газетіміздің өткен сандарының бірінде жазған едік.

Дария ЕРТАЙҚЫЗЫ

Самат Рамазанов төрағалық еткен «Нұр Отан» партиясы Екібастұз бөлімшесіндегі отырыста осы мәселе тағы да қаралды. «Горводоканал» МҚК-ның директоры О. Кузнецованың айтуынша, қаладағы 4 нысанда сумен және жылумен қамтамасыз ететін желілер жаңартылуда. Мердігерлер де анықталды. Белгіленген мерзімде жөндеу жұмыстары аяқталады.

Самат Жайынұлы өз кезегінде сумен және жылумен қамтамасыз ететін желілерді қайта жарақтау аса маңызды екенін алға тартып, жұмыс барысы жайлы тоқсан сайын есеп беріп отырудың қажеттігін ескертті. Аталмыш нысандарды қайта жарақтауға қаржы бөлінгенде, инфляция деңгейі есепке алынбаған. Сондықтан мердігерлерге қолдағы қаржыны ұқсатуға тура келеді. Нысандардың сапасына тапсырыс беруші – «Горводоканал» жауап береді. Ең бастысы, жұмыс сапалы атқарылып, белгіленген уақытта аяқталуы тиіс.

Отырыста қаралған екінші мәселе – Мөшһүр Жүсіп көшесі, 34 «А» үйдің жағдайы. Мәселенің мәнісіне үңілсек, бұл үйдің тұрғындары 2012 жылы жаңғырту бағдарламасына қатысқан. Көпқабатты үйдің шатыры мен электр желілеріне «Энергоремстрой-1» ЖШС-і күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізген. Алайда оның сапасы тұрғындарды қанағаттандырмады. «Жұмыс аяқталған

соң қабылдау актісіне қол қойдық. Ол уақытта жаз айы болатын. Күз түскенде шатырдан су ақты. Көтеріліп қарасақ, төбені жұқа материалмен жаба салған. Әрі даландарға қойған шамдар да істен шықты. Жөндеу тұрғындардың қаржысы есебінен жүргізілді. Біз 7 жыл бойы қарызды өтейміз. Осы аралықта өуре-сарсаңмен күніміз өтпек пе? Бұдан кейін мемлекеттік бағдарламаға қалай сенеміз?» - дейді бастамашы топтың өкілі налып. Оның бұл сөзін тұрғын үй инспекциясы бөлімінің маманы мен ПИК өкілі де қолдады. «Энергоремстрой-1» ЖШС-нің директоры В.Соложин тұрғындардың талабын орынды санағанымен, оның да айтар уәжі бар екен. «Шатырдан су ағып, тұрғындар дабыл көтерген соң, біз ақауды жоюға тырыстық. Бірақ қыс түсіп кеткендіктен шатырда жұмыс істеу мүмкін емес. Біз тұрғындарға мәнжайды түсіндіріп, жөндеу жұмыстарын көктемге қалдырдық», - деді ол.

Өзара келісе алмаған екі тарап «Нұр Отан» партиясында бітімгерлікке келді. «Бағдарлама алдағы жылдары да жалғасын табады. Мердігер, атыңа кір келтірме!» - деді Самат Рамазанұлы тұжырымдап.

Осы кездесуде біз естіген тағы бір жағымды хабар - партияның қоғамдық қабылдауларында сенім телефоны, яғни «шұғыл желі» іске қосылған. Тұрғындарға арыз-өтініштерін телефон арқылы хабарлауға да мүмкіндік туды.